



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2019. 14. 05 № 187

Ақтөбе қаласы

город Актөбе

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын құру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27-бабына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 17, 133-баптарына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2019 жылғы 04 мамырдағы № 25-НҚ бұйрығы негізінде Ақтөбе облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Аяла» балаларды оңалту орталығы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Кәсіпорынның қоса беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

3. «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

4. «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік кәсіпорындардың тізіліміне тиісті өзгерістер енгізісін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін Ақтөбе облысы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

Ақтөбе облысының әкімі



О.Оразалин